

Бекітемін


«Армантай» бөбекжай

бақпасы меңгерушісі

Л.Р.Усебова



«Жол атасы- бағдаршам»



Тәрбиеші: Юнусметова Ш.Р.

Шымкент 2021 ж

Тақырыбы: « Жол атасы- бағдаршам!»

Білім беру саласы: «Коммуникация», « Шығармашылық».

Білімділік мақсаты:Мектеп жасына дейінгі балалардың ребус-жұмбақ арқылы тілдерін дамыту. « Жол атасы - бағдаршам» ойын- сабағында балалар жалпы көлік түрлерімен, жолда жүру ережелерімен, бағдаршам туралы ұғыммен танысады.

Дамытушылық мақсаты Сабақ барысында балдырғандар топта бірлесе жұмыс істеп, көлік түрлерін ажырата білуге, жолдан өткенде жол белгілерін есте сақтауда, бағдаршамды бейнелеп салу әдістеріне үйренеді. Бір- біріне сұрақ қоя отырып, сөздік қорларын молайтып жаңа ұғымдағы сөздерді, өз ойларын еркін айтуға дағдыланады.

Тәрбиелік мақсаты: Балаларға жолда жүру ережесін сақтауға, ұқыпты, мұқият болуға тәрбиелеу

Сабақтың барысы:

Ұйымдастырылу кезеңі:

- Балалар күнтізбеге қарайық, бүгін аптаның қай күні?

-Жұма күні

-Әрине бүгін күн – жұма, аптаның бесінші күні.Ендеше далаға көз жүгіртіп қарасақ, ауа- райы қандай?

- Күн жылы, ашық аспан, күн жарқырап тұр.

-Балалар таңертең балабақшаға келгенде күн қандай болды? Не байқадыңдар?

-Бағдаршамды кім ойлап тапты? Алғашқы бағдаршам теміржол бойында пайда болған. Оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал оны көше қозғалысына ыңғайлап, қайта жасаған ағылшын инженер- механигіД. Найт болатын. Ол 1868 жыл лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты. Аппарат ортасына газды шам орнатылды. Өкінішке орай, газ жарылып, кезекте тұрған полицей қаза болған. Сондан бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт болды. Тек 1914 жылы Американың Кливленд қаласында, сосын Нью-Йорк қалаларында қайта болған. Бұл жолы екі түсті бағдаршам: қызыл, жасыл, электірлі бағдаршам болды. 1918 жылдан бастап үш түсті бағдаршам қолданысқа енді.Кеңес Одағы бойынша алғаш рет Маскеу қаласында 1924 жылы Кузнецк көпірі мен Петровка көшелерінің қиылысында пайда болды.

Тәрбиеші: - Бағдаршам алғаш кезде неше түсті болыпты?

- Қандай түсті?

- - Ал біздің көшелеріміздегі бағдаршам неше түсті?

- Шетелдегі бағдаршам-2 түсті 104жыл, 3 тус- 100 жыл, ал біздің бағдаршамдарға 94 жылдай болыпты.

- - Ол кәрі ата сияқты
- Дұрыс айтасындар . « Бағдаршам- жол атасы »-деп сабағымызды тегіннен тегін атамадық.

Балларды топтарға бөліп , тапсырмалар беру:

I топ Суреттерден не көргенін айтып беру.

II топ Көлік аттарын атау.

III Қай көлік , кайда асығып барады?

Ойын сабақ.

- Балалар сендер бәрін білесіндер! Менің сендереге жұмбақ жасырғым келіп тұр.
- Ақ пен кара сызығы,
- Жолақ- жолақ сызылған
- Адамға зияны жоқ
- Аямапты ақ пен кара сияны
- Ол қандай жануар? Сафариде жайылған.
- - Ол – Зебра , дұрыс айтасындар! Сол Зебра үстіндегі ақ пен кара жолақтар, біздіңде көшелерімізде кездеседі. Жаяу жолаушылар жүретін жолды « Зебра жол» -деп те, атайды. Карандаршы ұқсайды ма?

Бой сергіту:

Күнде жасап жаттығу

Қан жүгіртіп алалық

Керек мұны қатты ұғу

Жасап биік саналық.

Ойынның үшінші кезеңінде баяу әуенмен балаларды катар- катарға тұрғызып, желілі- рольді орталығындағы балалар сахналық көрініс қояды.

Сюжеті: 3 бала-жеңіл машинасы

1 бала- автобус көлігі

1 бала- жедел жәрдем машинасы

3-4 балалар жолаушылар болады

Балалар белгіленген орындарға барып тұрады. Көше қиылысы машиналар зуылдап өтіп жатыр, жолаушылар бағдаршамға қарап тосып тұр. Дәл сол кезде жедел жәрдем машинасының сиренасы естіледі.

-Балалар мынау кай көліктің дауысы?/жедел жәрдем/

- Ойпыр-ай енді кай көлікті бірінші жібереміз?/жедел жәрдем/

-неге? /жедел жәрдем машинасында аурып жатқан кісі бар/.

- Дұрыс айтасындар балалар! Жедел жәрдем машинасын бірінші болып жіберу керек. Себебі: олар адам өмірін құтқаруға асығып барады.

Сахналық көріністі өз желісімен жинақтап, аяқтау. Тәрбиеші мұқият тыңдағаннан кейін, сұрақтар қою арқылы келесі жолы неге көңіл аудару

қажеттігін айтады, ұсыныстар жасайды. Балалардың жасаған еңбектерін бағалап, сәтті шыққан жұмыстарға назар аударып, мадақтайды. Сөзі анық, мәнін мазмұнды айтқан, сабаққа белсенді қатысқан балаларды мақтау.

Сабақты қортындылау кезеңі.

Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін жинақтап, әңгімелеп беруге дағдыландыру. Әр балаланың оқиға кейіпкері болып, рольге ене білу қабілетін жетілдіру. Сабақ соңында жалпы қортынды жасалады.

Бағдаршам


Қалада көлік көп,
Қалада апат көп.
Сақтайғын апаттан,
Тек қана бағдаршам.
Бағдаршам, бағдаршам.

Бағдаршам біледі,
Бәрін де көреді.
Адам да, көлік те,
Сол шаммен жүреді
Бағдаршам, бағдаршам.

Үлкен біздің қаламыз,
Есте сақтап аламыз.
Қызыл, жасыл, сары шам,
Көшеде тұр бағдаршам.
Бағдаршам, бағдаршам



Ескерту белгілері




4 – кезен. Бағдаршам ,оның түстері туралы
мақал – мәтел, жұмбақтар айтудан жарыс

- Токта!!

- Сақтан!!

- Жол ашық!!



Не артық?



